



DEPARTMENT OF  
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Журналистика және саясаттану факультеті  
Саясаттану кафедрасы

L.N. Gumilyov Eurasian National University  
Faculty of Journalism and Political Science  
Department of Political Science

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева  
Факультет журналистики и политологии  
Кафедра политологии

**«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ПРОГРЕСКЕ 30  
ЖЫЛ»**

XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық  
конференция материалдары  
9 сәуір 2021 ж.

---

**«INDEPENDENT KAZAKHSTAN: 30 YEARS OF STABILITY AND  
PROGRESS»**

Proceedings of the XI-International Scientific and Practical Conference  
on April 9, 2021

---

**«НЕЗАВИСИМЫЙ КАЗАХСТАН: 30 ЛЕТ СТАБИЛЬНОСТИ И  
ПРОГРЕССА»**

Материалы XI-Международной  
научно-практической конференции  
9 апреля 2021 г.

**Нұр-Сұлтан, 2021**

УДК 327(063)  
ББК 66.4 (0)  
С 69

**Редакционная коллегия:**

К.полит. наук, ассоциированный проф. **М.К. Дюсембекова**, Казахстан  
Кандидат политических наук, профессор **Е.Л. Нечаева**, Казахстан  
Доктор политических наук, профессор **Е.В. Матвеева**, Россия  
Кандидат политических наук, доцент **М.К.Тулбаева**, Казахстан  
Магистр социальных наук, преподаватель **Н.Болатулы**, Казахстан

**«Независимый Казахстан: 30 лет стабильности и прогресса».**  
Сборник материалов XI-Международной научно-практической  
конференции. (9 апреля 2021 г.) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

**ISBN 978-601-337-516-8**

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

*Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.*

**ISBN 978-601-337-516-8**

**© Кафедра политологии  
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2021.**

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҒЫЛЫМ САЛАСЫН ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫ

**Abstract.** The article describes and analyzes the main directions and priorities of state policy, plans, conditions, state programs for the development of science in Kazakhstan. In addition, the impact of the development of the world economy on public relations, the level and prospect of influence in the field of science, the conditions for relying on different theories and concepts are considered. The policy in the field of general education and science in the country is different, planned and uneven. After all, reforms in this area, as in any other country, are constantly evolving and changing. In the study of the problem, mainly comparative method, analytical and statistical methods were used.

**Keywords:** Science, Scientific and technical potential, grant, funding, scientific research, Kazakhstan, law on science of the Republic of Kazakhstan, priority areas, gross domestic product

Ғылым саласындағы мемлекеттік саясат игерген білімді технологияларға ауыстыру және экономиканың шынайы секторына өтуге бағытталуы керек. Бұл ғылыми зерттеулерге сараптама жасауда, іріктеуде, іздеуде, артықшылықтарды таңдауда мемлекеттік және жеке секторлардың өзара пайдалы болуға қатысуын қарастырады, сондай-ақ адами ресурстар мен инфрақұрылымды дамыту саласында қаржыландыруды қолға алуға, инвестицияны тартуға өзіндік септігін тигізеді.

Жалпы ғылым туралы заң ең алғаш 2001 жылы 9 шілдеде, содан кейін 2004, 2007 жылдары қабылданып, кейін күшін жойған. Бүгінгі күндегі қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңы 2011 жылы 18 ақпанда қабылданған. Ол 8 тарау мен 31 баптан тұрады, әр тарауда ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік органдардың мүмкіншілігі, осы саланың субъектілері, ғылыми қызметкерлерді әлеуметтік қамтамасыз ету, ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті басқару, ғылымның дамуын экономикалық ынталандыру және халықаралық ынтымақтастық мәселелеріне көңіл бөлген. Заңның 8 бабында былай делінген: ғылым және ғылыми-техникалық іс-әрекет саласындағы мемлекеттік саясат ол – мемлекеттің ғылымға қатынасын көрсететін, негізгі басымдықтарды, мақсаттарды, бағыттарды, принциптерді анықтайтын, сондай-ақ ғылым мен техника саласындағы әр түрлі ұйымдардың әрекеті негізінде тіпті ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жаңа технологияларды құра алатын әлеуметтік-экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі. Бұдан бөлек Ғылым дамуы тұжырымдамасының концепциясы да бар, онда негізінен ғылымға қатысты өзгерістер мен толықтырулар ұсыныстар ретінде қарастырылған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті - бұл Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің құзыреті шегінде ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, сондай-ақ оның құзыретіне кіретін саладағы бақылау функцияларын жүзеге асыратын бөлім. Сондай-ақ, біздің елімізде ҚР Ұлттық ғылым академиясы (ҚР ҰҒА) республикалық қоғамдық бірлестік болып табылады, оның құрамына Қазақстанның алдыңғы қатарлы ғалымдары – Академияның толық мүшелері (академиктер) және корреспондент-мүшелері кіретін республикалық қоғамдық бірлестік болып табылады. ҚР ҰҒА құрамында 262 мүше (186 – академик және 76 - корреспондент-мүшелері), 16 шетелдік және 92 құрметті мүшесі, 41 ұжымдық мүшелері, 6 - ҚР ҰҒА профессоры бар.

**«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы**

ҚазКСР Ғылым Академиясы 1946 жылдың 1 маусымында құрылған және Республика ғылымының басты орталығы, Қазақстандағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының үйлестірушісі болып саналады. Республиканың Ұлттық ғылым академиясы алғашқы құрылған жылдарынан бастап бай табиғи ресурстарды игеру бойынша күрделі зерттеулерді жандандырып, еліміздің өндіріс күштерінің дамуына, қазақстандық қоғамның экономикалық, әлеуметтік және рухани дамуының маңызды мәселелерінің шешілуіне үлкен үлес қосты.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес 2003 жылы ҚР ҰҒА «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» Республикалық қоғамдық бірлестігі мәртебесі берілді. ҚР ҰҒА Президенті ҚР БҒМ Алқасының мүшесі және ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК мүшесі, 2011 жылдан 2013 жылға дейін ғылым жөніндегі ҚР Премьер-Министрінің штаттан тыс кеңесшісі болып келді. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы республика ғылымы дамуының басым бағыттарын анықтайды, Елбасына ғылым бойынша жылсайынғы Ұлттық баяндаманы дайындайды, академиялық ғылыми журналдар мен т.б. басылымдар шығару арқылы ғылыми жетістіктерді насихаттайды, ғылым мен техника саласында симпозиумдар мен көрмелерге және мемлекеттік сыйлық үшін конкурстарға қатысады, халықаралық ғылыми ынтымақтастық пен инновациялық қызметтердің дамуына атсалысады, іргелі және қолданбалы зерттеулер бойынша ғылыми сараптама жүргізуге қатысады.

Мемлекеттік бағдарлама отандық ғылыми әлеуетті дамытуға, сонымен қатар Қазақстан Республикасы азаматтарының әл-ауқатын көтеру үшін ғылыми-техникалық іс-әрекеттің нәтижелерін, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жан-жақты пайдалануға бағытталған.

Қазақстан қазіргі таңда экономикалық дамудың индустриалды-инновациялық сатысына өткенін білеміз. Бұл саты ғылым саласының қазіргі заманғы экономикалық жағдайларға бейімделуімен сипатталады, ғылымның дамуын нормативті-құқықтық базаға сәйкес құрылымдық, ұйымдастырушылық, кадрлық, инфрақұрылымдық және қаржылық қамтамасыз етуді түбегейлі өзгертуге әкелуі тиіс.

Ғылыми-техникалық әлеуеттің дамуы экономиканың дәстүрлі секторы үшін сипатталатын ілеспелі фактор сапасында қарастырылмауы тиіс. Ғылым саласы – басқа да секторлар үшін жалпылама реттеудің ережелері мен механизмдері, ерекшеліктерін игерген экономиканың секторы іспеттес. Олай дейтін себебіміз, ғылыми техниканың дамуының өзі қоғамның кез-келген басқа саласы сияқты елдегі экономиканың әлеуетіне тікелей байланысты екенін білеміз. Көп векторлы саясатты ұстанатын біздің елімізде ғылым мен білімнің дамуына жан-жақты зейін қойылып, түбегейлі зерттеліп, оңтайлы шешімдер сараланып ғылыми қауымға ұсынылып отырады.

Ғылыми-техникалық әлеуеттің дамуына жеке секторды тартудың тиімсіз механизмі, Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастырымдылық жұмыстар (ҒЗТҚЖ) саласындағы қатысушылардың салыстырмалы төмен белсенділігі Қазақстандағы барлық ғылыми-техникалық жүйенің әлсіз сілтемелері болып қала береді. Өндіріске жаңа технологиялар мен білімді қажет ететін өнімдерді енгізу ішкі және сыртқы нарықта бәсекелестік артықшылықтарды сақтау мен қол жеткізу басты факторлар болып отыр. Мысалы, экономикасы жоғары дамыған елдерде (АҚШ, Жапония, Финляндия) өнеркәсіпті өзін-өзі қамтамасыз ету және өзін-өзі қаржыландыру жағдайында ҒЗТҚЖ жүзеге асырады, барлық ұлттық шығынның 70 пайызын игереді. Біздің еліміз бен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық өз алдына мазмұны жағынан өте ауқымды екенін білеміз, осы жылдың наурыз айының 11-де екі ел министрлері А.Аймағамбетов пен В. Фальков жұмыстық кездесу өткізді. Кездесу барысында министрлер білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастықтың маңызды мәселелерін талқылап, Қазақстан аумағында алдыңғы қатарлы ресейлік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашуға деген өзара екіжақты келісімді бекітті. Екі жақты келісімді жүзеге асыру үшін үкіметаралық келісім жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар мысалы 2007 жылдан бастап Еуропалық Одақтың басты бағыты ғылым саласының жалпыеуропалық саясатын жасау және жүзеге асыру, сондай-ақ біртұтас жалпыеуропалық

**«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы**

ғылыми кеңістік құруға бағытталған ғылыми кадрларды инновациялық дайындау бағдарламасын жасау.

Ғылым жалпыеуропалық зерттеу кеңістігін құру процесінде заманауи еуропалық қоғамның барлық аспектілерінің дамуында маңызды әрі даусыз ресурсы ретінде қарастырылады. Бұл стратегия Европадағы аймақтық стратегиялық білім мен Болон процесінің шеңберінде жүзеге асырылған болатын. АҚШ Конгресі 1980 жылдың өзінде Бей-Доулдың заңын қабылдаған болатын. Бұл заң университеттерге федералды үкіметпен қаржыландырылатын интеллектуалды меншік құқығын қалдырып, университет жүйесінің шеңберінде жаңа технологияларды патенттеу мен лицензиялау бағыттарының бастамасын қалдырды. Бұл бірқатар университеттердің зерттеуге негізделген шағын стартаптардың құрылуына әкелді, ол университет қабырғасында қызметкерлердің күшімен жасалды. 2007 жылғы қабылданған Американың технология, білім және ғылымның дамуы туралы заңы АҚШ-тың ғылыми саясатына үлкен әсерін тигізді, ол сол саладағы жалпы бәсекеге қабілетті американдық ғылым мен техниканың дамуына мерзімді бағалауды талап етті. Ал осы кезеңде Қытайда жаһандану процесі күшіне еніп алдыңғы қатарлы инфрақұрылым мен тәртіпке бағынған жұмыс күші өндірістік алаңды құруға сұранысқа ие болды. Сөйтіп Қытай біртіндеп «әлемдік фабрикаға» айналып, енді ҒЗТҚЖ-ны қолдауға қыруар қаржы жұмсайтын болды, тіпті партияның лозунгтарында «ғылым мен білім мемлекеттің гүлденуіне әкеледі» деген тезистер (кэцзяосинго) пайда болды. [ 1]

2005 жылы Ғылыми-зерттеу жұмыстарына мемлекеттік шығын 59,7 пайыз болды, 1997 жылғымен салыстырғанда (44%) біршама жоғары. Оның ішінде Білім және ғылым министрлігінің барлық фундаментальды және қолданбалы зерттеулерін қаржыландыру 50,7 пайыз, министрліктің басқа салаларында 48,6 пайыз көрсеткіш көрсетеді.

Сонымен ғылымның жүйелі дамуының негізгі басымдықтарына мыналар жатады:

1. Ғылымның дамуын мемлекеттік және жеке секторлардың ажырамас қызметі мен елдің әлеуметтік-экономикалық қалпына келуіне қол жеткізудегі негізгі стратегиялық басымдықтардың бірі ретінде анықтау;

2. Экономика мен қоғамның қабылдағыштығын жан-жақты ынталандыру және отандық ғылыми-техникалық әлеуетті дамытуға жағдай жасау (ұсыныстар беру);

3. Ғылымның дамуына қолайлы жағдай жасау және оны қолдау тетіктерін құру.

Міне, осылайша ғылымды дамытудың жүйелі басымдықтарын топтастыруға болады, әрине қоғамда дамудың ерекшеліктеріне қарай стратегиялық жоспарларды бекіту мақсатында мемлекет ішінде қабылданған бағдарламаларға сәйкес өзгерістермен толықтырылып тұрады. Ғылыми-техникалық саланы басқаруды және ғылымды қаржыландыру тетіктерін жетілдіру осы саладағы өкілетті органдардың ғылыми зерттеу бағдарламаларын бірыңғай координация ретінде қарастырады [2].

Соңғы он жылдықта отандық ғылым құрылымында мемлекеттік сектордың жағдайы өзгерген жоқ: ғылыми ұйымдар, ондағы персонал, мемлекеттік меншіктегі материалдық-техникалық база Қазақстандағы ғылыми-техникалық комплекстің негізі болып табылады. Ескірген лабораториялық жабдық және жалпы материалдық-техникалық база көп жағдайда тұтынушылардың сұранысына жауап беретін ғылыми зерттеулер мен тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге кедергі болады. Жобалық және конструкторлық бюроның /институттардың/ болмауы өндіріс пен ғылымның байланысын бұзуға әкелетін технологияларды өткізу процесін бәсеңдетуге әкеледі.

Сондықтан мемлекеттік бағдарламаның басты мақсаты- елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына сәйкес ғылым жүйесін тепе-теңдік және бәсекеге қабілетті болуға қол жеткізу болып табылады. Енді ресми сайттың мынадай мәліметтеріне сүйенсек, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын жүзеге асырған кәсіпорындар саны - 386. Қызметкерлер саны - 21 843 адам, оның ішінде 7 420 35 жасқа дейінгі жас ғалымдар. 2020-2022 жылдарға арналған 166 жоба жас ғалымдар тарапынан жүзеге асырылуда. 2020-2022 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобаларына конкурс жарияланды. Гранттық қаржыландырудың жаңа түрлері енгізілді (*шағын гранттар және халықаралық*

**«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы**

каллоборацияға арналған грант). 2020 жылғы қаңтар айынан бастап ғалымдар тарапынан короновирусты анықтау үшін ПЦР негізінде генно-инженерлік әдіспен шұғыл түрде тест-жүйесін жасады. 11 мыңнан астам тест әзірленді. COVID-19 қарсы клиникаға дейінгі сынақ вакцинасы бойынша жұмыстар және GMP халықаралық стандарт бойынша вакцина шығаратын биофармацевтикалық зауыттың құрылысы басталды. [3]

Қазақстан Республикасы тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан дамуының 2030 стратегиясында білім беру және кәсіби дайындық мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарына жатқызылған болатын. Осыған орай қазақстандық жоғары оқу орындарында жоғары технологиялық және білімді қажет ететін өндірістер болашағы кадрлық потенциал қалыптастыру басты міндеттердің бірі болып отыр. Бұл міндетті орындау үшін білім дамуының қазіргі заманғы тенденцияларына сәйкес әлемдік білім кеңістігінде қазақстандық жоғары білім жүйесінің тиімді интеграциясын қажет етеді. Өткен он жылдықта жоғары білімнің қазақстандық жүйесінің маңызды құрылымдық қайта құрылулар басынан өткерді: жоғары оқу орындары өз әрекетін басқауда автономдықтың үлкен деңгейіне ие болды, білім саясатын анықтауда мамандықтардың бағыттылығы өзгеріп, бәсекелестік орта құрылды. Бірақ қоғамның талаптарының жоғарылығы жоғары білімнің сапасына, білім жүйесіне бағытталған қоғам ресурстарын тиімсіз пайдалану, оқыту технологиясын түбегейлі өзгерту, білім беру мекемелерін басқаруда ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдердің өзгеруі, білім беру қызметі саласындағы бәсекелестіктің шиеленісуі міне осының бәрі жаңа стратегиялық әдістерді іздестірудің қажеттілігін дәлелдейді.

Мемлекеттік және экономикалық саясаттың негізгі тенденцияларын есепке ала отырып, жалпытеоретикалық әдістер негізінде өткізілген ғылыми зерттеулер уақыт талабын ескере отырып, білім беру жүйесін реформалау спецификасын негіздеу, оны жетілдіру мен дамытудың жалпы тенденциясын анықтау, оның ішінде әр түрлі бағыттағы жекелеген концепциялардың жаңаша бағыт алуы құптарлық жағдай.

Қазақстан Республикасының Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясының 2020 жылдың 29 сәуірдегі отырысының хаттамасында 2021-2023 жылдарға арналған ғылымды дамытудың 10 басым бағыттары бекітілді:

1) «Су, жануарлар және өсімдіктер дүниесін ұтымды пайдалану, экология» ; 2) "Минералдық және көмірсутегі шикізаты, жаңа материалдар, технологиялар, қауіпсіз өнімдер мен конструкциялар геология, өндіру және қайта өңдеу";

3) "Энергетика және машина жасау";

4) ақпараттық, коммуникациялық және ғарыштық технологиялар;

5) "Жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер";

6) «Өмір жайлы ғылым және денсаулық»;

7) «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер»;

8) «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылым салаларындағы зерттеулер»;

9) «Агроөндірістік комплекстің тұрақты дамуы және ауылшаруашылық өнімдерінің қауіпсіздігі»;

10) «Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс». [4]

Ал, ғылым саласындағы қаржыландыру мәселесіне келер болсақ Қазақстан билігі ғылым мен білімді дамытудың зәрулігін түсініп отыр. Президент Қ.Тоқаев таяуда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында «Біздің елдегі ғылымды қаржыландыру – 0,13 %, ал дамыған елдерде болса – 2,5%. Бізде өте аз шығын жұмсалады. Сондықтан ғылымға бөлінген қаржыны пайдалану тиімділігі төмен. Сарапшылардың пікірінше, ғылымға бөлінген қаржы ДЖӨ 1,5 пайызынан төмен болса, шығынның толыққанды қайтарымы болмайды. Үкімет осыны білуі керек. Жеке секторды ғылымға тартудың түрлі механизмдерін дамыған елдер тәжірибесіне сүйеніп жасау қажет. Қазіргі әлемде ғылымсыз бір қадам баса алмайсыз. Ғылым беделін арттырудың жүйелі ұйымдастыру шараларын іске асыру жолы тұр» деп атап көрсетті. Президент Үкімет пен ғылыми қауымдастықты ғылымның дамуына бөгет болып отырған кедергілерді жоюдың жолдарын табуға шақырды. Осы мәселелердің барлығы білім мен ғылым



**«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы**

дамуының мемлекеттік бағдарламасында есепке алынуы тиіс. Білім мен ғылымға жұмсалатын шығын көлемі ДЖӨ 5%-ға жеткізу жоспарын жасауды Президент Үкіметке тапсырды.[5]

Өзіміз көріп отырғандай ғылымды дамытуға ден қою үкімет тарапынан үлкен қолдауға ие болуы тиіс. Қазіргі таңдағы жас ізденуші ғалымдардың да негізгі мәселелерінің бірі осы қаржының бөлінуі.

Қорытындылай келе, ғылым саласының дамуына тек оңтайлы мемлекеттік саясат емес, сондай ақ елдегі тұрақты экономикалық жағдай мен дұрыс қабылданған бағдарлама, концепциялардың да рөлі үлкен екенін байқауға болады. Басқа алыс және жақын шет мемлекеттермен ынтымақтастықтың нәтижесінде біршама тәжірибе жинақтай отырып, өзіндік даму жолын нақты қоя білсек едәуір жетістіктерге жететініміз анық. Әрине қоғамның дамуымен қатар кездесетін қиыншылықтар, өзгерістер ол табиғи құбылыс, дегенмен елімізде мүмкіншіліктер өте көп.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. // [http://www.acur.msu.ru/ru/docs/pgrant/final/2\\_2\\_Challenges\\_Science.pdf](http://www.acur.msu.ru/ru/docs/pgrant/final/2_2_Challenges_Science.pdf)  
Артамонова Ю.Д., Демчук А.Л., Карнеев А.Н., Миньяр-Белоручева А.П., Сафонова В.В. Стратегия развития современной науки и инноваций// Вызовы и стратегии развития мировой науки на рубеже XX-XXI веков .
2. Кузьмин Д.С. Россия-Казахстан: сотрудничество в области науки и образования в постсоветский период (на примере Томского университета). Национальный исследовательский Томский государственный университет //Вопросы истории, международных отношений и документоведения. Вып. 10: в 2-х т. – Т. 2: Сборник материалов X Международной молодежной научной конференции (Томск, 16–18 апреля 2014 г.).
3. [http:// www.egov.kz](http://www.egov.kz) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі сайтынан
4. Nauka.kz Национальный научный портал
5. С.Борбасов. Ғылымды қаржыландыру – маңызды мәселе  
[/egemen.kz:https://egemen.kz/article/206866-ghylymdy-qardgylandyru-manhyzdy-masele](https://egemen.kz/article/206866-ghylymdy-qardgylandyru-manhyzdy-masele)

**Өмірзақова Д. М.**

**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті**

**Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы,**

**Ғылыми жетекші - Қаленова Т.С., т.ғ.к., доцент**

**[omir.di20@gmail.com](mailto:omir.di20@gmail.com)**

## ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЛАРЫНДАҒЫ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

**Annotation:** political and legal issues in the messages of the first president of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev. The main directions of domestic and foreign policy in their messages to the people of Kazakhstan.

**Keywords:** message, Law, Management, Strategy

Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаев ТМД басшыларының ішінде алғашқы болып 1996 жылы 7 қазанда Қазақстан халқына «Елдегі жағдай және ішкі, сыртқы саясаттың 1997 жылға арналған негізгі бағыттары туралы» деген Жолдау арнағаны мәлім. Елбасының Қазақстан халқына елдегі жағдай мен Республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жыл сайын Жолдау арнауы 1995 жылғы Конституцияда белгіленген болатын[1].